



«Астана медицина
университеті» КеАҚ
Басқармасының
2024 жылғы
«13» көркүлек № 19
хаттамалық шешімімен
БЕКІТІЛДІ

**«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» – ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙИНГІ
БІЛІМ БЕРУДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
КЕҢЕСІНІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТИГІНІҢ ҚЫЗМЕТІ
ТУРАЛЫ**

ЕРЕЖЕ

E-АсМУ-02-24

Астана қ.

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыбым салынады



КІРІСПЕ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН:** – Әдістемелік-ұйымдастыру бөлімі
- 2. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:** – Әдістемелік-ұйымдастыру бөлімінің басшысы
Б.С. Имашева
Проректор, Басқарма мүшесі, А.Б. Жунусова
- 3. ЕҢГІЗІЛДІ:** – Әдістемелік-ұйымдастыру бөлімі
- 4. БЕКІТІЛДІ:** – «13 » коркынек 2024 ж. № 19 хаттамамен
- 5. ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗІЛДІ:** – «13 » коркынек 2024 ж.
- 6. КЕЛІСІЛДІ:** – Проректор, Басқарма мүшесі В.В. Койков
Проректор, Басқарма мүшесі А.Б. Жунусова
Проректор, Басқарма мүшесі М.А. Газалиева
Проректор, Басқарма мүшесі Д.Д. Сайдангазин
Қаржы директоры, Басқарма мүшесі Б.И. Мараджапов
Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы А.К. Мухамбетова
Сапаны қамтамасыз ету орталығының басшысы К.К. Асылаева
- 7. ҚАЙТА ҚАРАУ ЖИЛІГІ:** – қажеттілігіне қарай



МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	4
2. Нормативтік сілтемелер	5
3. «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ қызметінің негізгі бағыттары	5
4. ОӘБ мүшелерінің құқықтары	6
5. ОӘБ құрылымы	6
6. «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша ОӘБ секциялары	7
7. ОӘБ жобаларын басқару топтары	8
8. ОӘБ комитеттері	10
9. Жауапкершілік	11
Келісу парагы	12
Өзгерістерді тіркеу парагы	13
Таныстыру парагы	14



1. Жалпы ережелер

1. «Астана медицина университеті» КеАК (бұдан әрі – «АсМУ» КеАК) жаңындагы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің оқу-әдістемелік бірлестігінің (РОӘК ОӘБ) қызметі туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Гылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 8 тамыздағы № 400 бұйрығының «Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің және оқу-әдістемелік бірлестіктердің қызметі туралы ереже» З-қосымшасының З-тарауына сәйкес әзірленген.
2. ОӘБ РОӘК-тің консультативтік-атқарушы органды болып табылады.
3. ОӘБ заңды тұлға болып табылмайды, оның қызметі осы Ережемен реттеледі.
4. ЖЖОКБҰ-ның бірінші басшысы немесе базасында ОӘБ жұмыс істейтін ЖЖОКБҰ-ның бірінші басшысының орынбасары ОӘБ төрағасы болып табылады.
5. ОӘБ өз бетінше ОӘБ Ережесіне сәйкес өзіне жүктелген функцияларды, оқу-әдістемелік кеңестерді, комиссияларды және басқа да ұйымдық құрылымдарды қалыптастырады.
6. ОӘБ қызметі оку жылына құрастырылатын және ОӘБ мүшелерімен алдын ала келісім бойынша ОӘБ төрағасы бекітетін жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.
7. ОӘБ қызмет бағыттарына сәйкес оку жылының есебін дайындауды.
8. ОӘБ 2024 жылғы 8 тамыздағы № 400 «Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және оқу-әдістемелік бірлестіктердің құру туралы» бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес есепті жылдың 1 қазанынан кешіктірмей ЖБДҰО-ға KP1 көрсете отырып, оку жылының есебін жібереді.
9. ОӘБ отырысын ОӘБ төрағасы, ал ол болмаған жағдайда ОӘБ төрағасының орынбасары өткізеді.
10. ОӘБ шешімдері отырыста құрамының үштен екісі қатысқан жағдайда қарапайым көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.
11. ОӘБ отырыстары және отырыста қабылдаған шешімдер хаттамамен ресімделеді. ОӘБ отырыстарының хаттамаларына ОӘБ төрағасы мен хатшысы қол қояды. ОӘБ шешімінің көшірмесі ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.
12. ОӘБ құрамына кіретін ЖЖОКБҰ ОӘБ ұсыныстары мен хаттамалық шешімдерін жүзеге асыру үшін қабылдайды.
13. ОӘБ отырыстарының материалдары «АсМУ» КеАК-тың ресми сайтында орналастырылады.
14. ОӘБ-нің ағымдағы ұйымдастыру жұмыстарын, құжаттамасын және іс қағаздарын жүргізуі ОӘБ хатшысы жүзеге асырады.
15. ОӘБ хатшысы отырыстардың өткізуін ұйымдастырады, ОӘБ мүшелері үшін ақпараттық-технологиялық платформаны қамтамасыз етеді, оның ішінде ОӘБ мүшелері мен ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган арасындағы өзара іс-қимылды қолдауды қамтамасыз етеді.
16. ОӘБ ОӘБ-ге жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін кадрларды даярлаудың жетекшілік ететін бағыттарының білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКБҰ-дан ақпараттық және өзге де материалдарды сұратады және алады, ЖЖОКБҰ-ның оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметін жетілдіру жөнінде, сондай-ақ оның Күжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ЖЖОКБ РОӘК ОӘБ қызметі туралы ереже	Е-АсМУ-02-127-24 № 1 басылым 14 беттің 5-беті
---	--	---

күзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша зерделеу және ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс топтарын құрады.

17. ОӘБ жұмысы қанағаттанарлықсыз болған жағдайда және (немесе) ЖЖОКБҰ-ның қызмет нәтижелерінің негізгі көрсеткіштеріне (КР1) сәйкес келмеген жағдайда ол басқа ЖЖОКБҰ-ға беріледі.

2. Нормативтік сілтемелер

18. Осы Ереже келесі нормативтік құжаттарда баяндалған талаптар мен қағидаттарды ескере отырып әзірленген:

1) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 маусымдағы №319-III Заңы (14.07.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандығы №595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қафадаларын бекіту туралы» бұйрығы;

3) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 8 тамыздағы № 400 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандығы №562 «Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және оқу-әдістемелік бірлестіктерін құру және олардың қызметі туралы ережені бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығы;

4) «АсМУ» КеАҚ Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысының 2024 жылғы 9 тамыздағы № 8 «Әдістемелік-ұйымдастыру бөлімін құру туралы» хаттамасы.

3. РОӘК ОӘБ қызметінің бағыттары:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасын қамтамасыз етудің сыртқы және ішкі жүйелерін жетілдіру мақсатында ЖЖОКБҰ-ның, жұмыс берушілер қауымдастыры өкілдерінің және басқа да мүдделі органдардың өзара іс-кимылын жүзеге асыру;

2) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандарттарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуішін жетілдіру бойынша ұсынымдар дайындау;

3) салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп кәсіптік стандарттарды әзірлеуге және өзектендіруге қатысу;

4) ұлттық біліктілік шенберіне, салалық біліктілік шенберлеріне және кәсіптік стандарттарға сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастыру бойынша ұсынымдарды әзірлеу;

5) еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру және үздіксіз білім беру бағдарламаларын дамыту бойынша ұсынымдар дайындау;

6) оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу;

7) жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту мәселелері бойынша құжаттардың жобаларын дайындауға және сараптауға қатысу;



8) ЖЖОКБҰ оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларын іске асыруға қатысу;

9) ғылым және жоғары білім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

10) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 казандағы № 106 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30139 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдары іске асыратын Білім беру бағдарламаларының тізілімінен білім беру бағдарламаларын қосу немесе алып тастау жөнінде ұсынымдар әзірлеу, іске асырудың пайдалану параметрлерін (кадрлық, әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету) ескере отырып, ЖЖОКБҰ-ның білім беру бағдарламаларына мониторинг жүргізу.

11) кадрларды даярлау бағыттары бойынша РОӘК белгісімен оқу басылымдарының тақырыптық жоспарларын қалыптастыру;

12) РОӘК белгісін беруге ұсынылған оқу басылымдарына сараптама жүргізу, рецензиялау;

13) ЖЖОКБҰ-ның оқу процесінде жариялау және пайдалану бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін жаппай онлайн ашық курстарға сараптама жүргізу;

14) талапкерлердің үлттық бірыңгай тестілеуінің, кешенді тестілеуінің бейіндік пәндерін анықтау бойынша ұсынымдарды қалыптастыру;

15) Қазақстан Республикасының ЖЖОКБҰ-да инклузивті органды қалыптастыру бойынша ұсынымдар дайындау;

16) білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етудің ішкі және сыртқы жүйесін құру бойынша халықаралық тәжірибеге талдау жүргізу және жалпылау;

17) оқытатын оқу-әдістемелік семинарлар, тренингілер, вебинарлар, мастер-кластар, конференциялар өткізу;

4. ОӘБ мүшелерінің құқықтары:

1) ОӘБ отырыстарының күн тәртібінде қаралатын мәселелерді қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізу;

2) ОӘБ шешімдерін қабылдауға қатысу.

5. ОӘБ құрылымы

19. ОӘБ құрылымын ОӘБ төрағасы бекітеді:

1) ОӘБ құрамына құрылымдық бірліктер ретінде мамандықтар мен мамандандырулар бойынша білім беру бағдарламаларының комитеттерін (бұдан әрі – Комитеттер) қамтитын Секциялар, Жобаларды басқару топтары кіреді (бұдан әрі – ЖБТ).

2) ОӘБ құрамы ғылым және білім беру үйімдардың, жұмыс берушілердің, үкіметтік емес үйімдардың, аккредиттеу агенттіктерінің, «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты



бойынша шетелдік серіктестердің, бизнес серіктестердің және өзге де ұйымдардың өкілдерінен анықталады.

3) ОӘБ қызметін басқаруды білім беру саласындағы үекілді органның жанындағы жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім берудің РОӘК жүзеге асырады, денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі шешімдер құзыреті шегінде КР ДСМ Ғылым және адами ресурстар департаментімен немесе құрылымдық бөлімшесімен келісіледі.

6. «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша ОӘБ секциясы

20. Статус:

1) Секция - ОӘБ консультативтік-кеңесші органы болып табылады, занды тұлға болып табылмайды.

2) Секцияның қызметі денсаулық сақтау саласында білім беру қызметін жүзеге асыратын ғылым және білім беру ұйымдарының жұмысын үйлестіруге бағытталған және кәсіптік даярлықтың сапасын арттыруға бағытталған.

3) Секцияның қызметін ұйымдастыру және оның өкілдіктері осы Ережемен айқындалады.

21. Секцияның қызметін ұйымдастыру:

1) Секцияның құрылымы мен тізбесін ОӘБ мүшелерінің келісімі бойынша төраға бекітеді.

2) Секция төрағасын ОӘБ мүшелерінің келісімі бойынша төраға тағайындаиды.

3) Секция отырыстары кемінде екі айда бір рет өткізіледі.

4) Секция құрамына төраға, төрағаның орынбасары, хатшы және ОӘБ құрылымына кіретін өзге де ұйымдардың өкілдері кіреді.

5) Секцияның құрамын және оның құрамындағы барлық өзгерістерді ОӘБ төрағасы бекітеді.

6) Секциялардың өкілдік мерзімі бір оку жылын құрайды және қажеттілігіне қарай анықталатын қосымша мерзімге ұзартылуы мүмкін.

7) Секция мүшелерінің өкілдіктері Секцияның өкілдік мерзімінің аяқталуына, атқаратын қызметінен босатылуына, қызметкерлер катарынан шығуына байланысты және (немесе) жеке өтініші бойынша тоқтатылады.

8) Секцияның қызметі әр оку жылына бекітілген жоспар бойынша жүзеге асырылады.

9) Секциялар отырыска оның тізімдік құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда шешім қабылдауға құқылы. Егер секция отырысына қатысқан секция мүшелері санының жартысынан астамы оған дауыс берсе, Секцияның шешімі қабылданды деп есептеледі.

10) Секцияның шешімдері отырыстың хаттамасымен ресімделіп, Секция төрағасы қол қойғаннан кейін ОӘБ-ге одан әрі қарау үшін жіберіледі.

11) ОӘБ-де Секция атынан шығарылған мәселелер алдымен Секция отырысында қаралуы керек.

12) Секция өкілдері Секция құрамына кіретін ұйымдарға жекелеген мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын беруге құқылы.

13) Секция отырыстары ашық болып табылады. Білім беру/ғылым/практикалық денсаулық сақтау ұйымының кез келген өкілі шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығынсыз секция отырыстарына қатысуға құқылы. Өзге тұлғалар Секцияның отырыстарына оның шешімі бойынша қатысуға құқылы.



14) «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша салалық біліктілік шеңберін, кәсіби стандарттарды әзірлеуге қатысу.

15) Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және басқа да құжаттарды әзірлеуге және сараптауға қатысу.

16) Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, жетілдіру және талдау бойынша ұсынымдарды әзірлеуге қатысу.

17) «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша оқулыктармен, оқу құралдарымен және электрондық ресурстармен қамтамасыз етілуін талдау.

18) ОӘБ хаттамалық шешімдерінің орындалу тиімділігін талдау және оларды білім беру процесіне енгізу.

19) «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасын жетілдіру мәселелері бойынша семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізу.

20) ОӘБ бекітуге ұсыну үшін Секцияның қарауына келіп түскен оқу-әдістемелік материалдарға сараптама жүргізу.

21) «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша білім беру процесіне халықаралық жобалардың, ғылыми қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін енгізу.

22) Жаңа білім беру бағдарламалары мен инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу бойынша мониторинг.

23) Секциядағы ағымдағы жұмысты ұйымдастыру және іс қағаздарын жүргізу секция төрағасы ұсынған Секция хатшысына жүктеледі.

24) Отырыстардың құрамы, жоспарлары, есептері, материалдары мен шешімдері ОӘБ сайтында жарияланады.

25) Секцияның қызметіне басшылықты ОӘБ төрағасы мен төрағаның орынбасары жүзеге асырады.

22. Секцияның өкілеттіктері:

1) Секция мүшелерінің жалпы санын және құрамын анықтау;

2) Секция жұмысының регламентін әзірлеу;

3) Секция құрамына кіретін Секцияның барлық мүшелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

4) Секция құрамына кіретін мүшелердің есептерін тыңдау;

5) ОӘБ отырысында қарau үшін кәсіби даярлықтың сапасын арттыруға, деңгейлік дескрипторларға сәйкес құзыреттер каталогын қалыптастыруға, кәсіби біліктілікті тәуелсіз бағалау жүйесіне, сондай-ақ КР Денсаулық сақтау саласындағы НҚА жетілдіру жөніндегі мәселелерді ұсынады;

6) көтермелеге үшін секциядан кандидатураларды ұсыну.

7. «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ОӘБ жобаларын басқару топтары.

23. Статус:

1) ЖБТ - ОӘБ-нің консультативтік-кеңесші органды болып табылады, занды тұлға болып табылмайды.

2) ЖБТ қызметі кәсіптік даярлықтың сапасын арттыруға, кәсіби біліктілікті тәуелсіз бағалау жүйесін қалыптастыруға, оқытушы-профессорлар құрамының әдебиеттермен,



электрондық деректер базасымен және басқа да ресурстармен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізуге бағытталған Комитеттердің жұмысын үйлестіруге бағытталған.

3) ЖБТ қызметін ұйымдастыру және өкілеттіктері осы Ережемен айқындалады.

24. ЖБТ қызметін ұйымдастыру:

1) ЖБТ құрылымы мен тізбесін ОӘБ мүшелерінің келісімі бойынша төраға бекітеді.

2) ЖБТ ОӘБ құрамына кіретін медициналық жоғары оқу орнының базасында (бұдан әрі - базалық ЖОО) ұйымдастырылады.

3) ЖБТ төрағасын базалық ЖОО-ның ректоры тағайындалады.

4) ЖБТ отырыстары кемінде екі айда бір рет өткізіледі.

5) ЖБТ құрамына төраға, төрағаның орынбасары, хатшы және ЖБТ құрылымына кіретін мамандықтар мен мамандандырулар бойынша Білім беру бағдарламалары комитеттерінің төрағалары кіреді.

6) ЖБТ құрамы мен оның құрамындағы барлық өзгерістерді ОӘБ төрағасы бекітеді.

7) Комитеттің өкілеттік мерзімі бір оқу жылын құрайды және қажеттілік бойынша айқындалатын қосымша мерзімге ұзартылуы мүмкін.

8) ЖБТ мүшелерінің өкілеттіктері ЖБТ өкілеттік мерзімінің өтуіне, атқаратын лауазымынан босатылуына, қызметкерлер қатарынан шығуына және (немесе) жеке өтініші бойынша тоқтатылады.

9) ЖБТ қызметі әр оқу жылына бекітілген жоспар бойынша жүзеге асырылады.

10) ЖБТ, егер отырыска оның тізімдік құрамының кемінде үштен екісі катысса, шешім қабылдауға құқылы. ЖБТ шешімі, егер оған ЖБТ отырысына қатысқан оның мүшелері санының жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

11) ЖБТ шешімдері отырыс хаттамасымен ресімделгеннен кейін және ЖБТ төрағасы қол қойғаннан кейін одан әрі қарау үшін ОӘБ-ге жіберіледі.

12) ОӘБ-ге ЖБТ атынан шығарылатын мәселелер алдын ала ЖБТ отырысында қаралуы тиіс.

13) ЖБТ өкілдері ЖБТ құрамына кіретін ұйымдарға жекелеген мәселелер бойынша шешім қабылдау құқыбын беруге құқылы.

14) ЖБТ отырыстары ашық болып табылады. Білім беру/ғылым/практикалық денаулық сақтау ұйымының кез келген өкілі шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқыбынсыз ЖБТ отырыстарына қатысуға құқылы. Өзге тұлғалар ЖБТ отырыстарына оның шешімі бойынша қатысуға құқылы.

15) Ағымдағы жұмысты ұйымдастыру және ЖБТ-да іс қағаздарын жүргізу ЖБТ төрағасы ұсынған ЖБТ хатшысына жүктеледі.

16) Отырыстардың құрамы, жоспарлары, есептері, материалдары мен шешімдері базалық ЖОО-ның сайтында жарияланады.

17) ЖБТ қызметіне басшылықты базалық ЖОО-ның ректоры жүзеге асырады.

25. ЖБТ өкілеттіктері:

1) ЖБТ мүшелерінің жалпы санын және құрамын анықтайды;

2) ЖБТ жұмысының регламентін әзірлейді;

3) ЖБТ-ның барлық мүшелері мен оның құрамына кіретін Комитеттердің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

4) даярлықтың барлық деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларының сарапшылар тобын құрады, КР ДСМ, ғЖБМ ЖБДҰО сарапшылар базасына енгізу үшін ОӘБ-ге ұсынады.

5) даярлықтың барлық деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларына саралтама жүргізеді және ғЖБМ ЖБДҰО тізіліміне енгізу үсынады;



6) ЖБТ құрамына кіретін Комитет төрағаларының есептерін тыңдайды;

7) ОӘБ отырысында қарау үшін кәсіптік даярлықтың сапасын арттыруға, кәсіптік біліктілікті тәуелсіз бағалау жүйесін қалыптастыруға, ОПҚ-ның әдебиетпен, электрондық деректер базасымен және басқа да ресурстармен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізуге бағытталған мәселелерді, сондай-ақ КР Денсаулық сақтау саласындағы НҚА-ны жетілдіру жөніндегі мәселелерді ұсынады;

8) Көтермелеге үшін Комитеттердің ЖБТ кандидатураларын ұсынады.

8. ЖБТ комитеті

26. Қызметтің статусы, мақсаттары мен міндеттері.

1) Комитет – ЖБТ-ның консультативтік-кенесші органы болып табылады, заңды тұлға болып табылмайды.

2) Комитеттің қызметі кәсіптік даярлықтың сапасын арттыруға бағытталған ЖОО, жоғары оқу орнынан кейінгі деңгейдегі білім беру бағдарламалары, қосымша және формальды емес білім беру бағдарламалары, салалық біліктілік шенберіне және кәсіптік стандарттарға, клиникалық хаттамаларға, көмек көрсету стандарттарына және т.б. сәйкес емтихан материалдарын сараптау бойынша жұмысты үйлестіруге бағытталған.

3) Комитеттің қызметін ұйымдастыру және оның өкілеттіктері осы Ережемен айқындалады.

27. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

1) Комитет құрамына төраға, төрағаның орынбасары, хатшы және ғылыми, білім беру ұйымдарының, жұмыс берушілердің, кәсіптік қауымдастықтардың, білім алушылардың өкілдері кіреді.

2) Комитеттің құрамын және оның құрамындағы барлық өзгерістерді ОӘБ төрағасы бекітеді.

3) Комитеттің өкілеттік мерзімі бір оқу жылын құрайды және қажеттілігіне қарай анықталатын қосымша мерзімге ұзартылуы мүмкін.

4) Комитет мүшелерінің өкілеттіктері Комитеттің өкілеттік мерзімінің аяқталуына, атқаратын қызметінен босатылуына, қызметкерлер қатарынан шығарылуына байланысты және (немесе) жеке өтініші бойынша тоқтатылады.

5) Комитеттің қызметі әрбір оқу жылына бекітілген жоспар бойынша жүзеге асырылады. Комитеттің отырыстары кемінде екі айда бір рет өткізіледі.

6) Комитет отырысқа оның тізімдік құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда шешім қабылдауға құқылы. Егер Комитет отырысына қатысқан Комитет мүшелері санының жартысынан астамы оған дауыс берсе, Комитеттің шешімі қабылданды деп есептеледі.

7) Комитеттің шешімдері отырыс хаттамасымен ресімделгеннен кейін және оған Комитет төрағасы қол қойғаннан кейін одан әрі қарау үшін ЖБТ-га жіберіледі.

8) Комитетте ағымдағы жұмысты ұйымдастыру және іс қағаздарын жүргізу Комитет төрағасы ұсынған Комитет хатшысына жүктеледі.

9) Комитет атынан ЖБТ-ға шығарылатын мәселелер алдын ала Комитет отырысында қаралуға тиіс.

10) Комитеттің өкілдері Комитеттің құрамына кіретін ұйымдарға жекелеген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығын беруге құқығы бар.

11) Комитеттің отырыстары ашық болып табылады. Білім беру/ғылым/практикалық денсаулық сақтау ұйымының кез келген өкілі шешім қабылдау кезінде дауыс беру

	«Астана медицина университеті» ҚеАҚ Менеджменттің интеграцияланган жүйесі «Денсаулық сақтау» даярлау багыты бойынша ЖЖОКБ РОЭК ОӘБ қызметі туралы ереже	E-AcMU-02-127-24 № 1 басылым 14 беттің 11-беті
--	--	--

құқығының Комитет отырыстарына қатысуға құқылышы. Өзге тұлғалар Комитеттің отырыстарына Комитеттің шешімі бойынша қатысуға құқылышы.

12) Комитеттің қызметіне басшылықты Комитеттің төрағасы және базалық ЖОО ЖБТ төрағасы жүзеге асырады.

28. Бейін бойынша ЖБТ Комитетінің өкілеттіктері:

- 1) Комитет мүшелерінің жалпы санын және құрамын айқындау;
- 2) Комитет жұмысының регламентін әзірлеу;
- 3) Комитеттің барлық мүшелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 4) ЖБТ отырысында қарау үшін мәселелерді ұсыну;
- 5) мамандарды даярлау сапасын арттыру;
- 6) ЖБТ құрамына кіретін комитеттер төрағаларының есептерін тындау;
- 7) университет қаражаты есебінен оқу-әдістемелік әдебиеттерді ұсыну туралы шешімдер қабылдау;
- 8) көтермелеге үшін ЖБТ, Комитеттердің кандидатураларын ұсыну.

9. Жауапкершілік

29. ОӘБ келесілерге жауапты болып табылады:

- 1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын бұзғаны үшін;
- 2) құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны үшін;
- 3) қызмет нәтижелерінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу;
- 4) ОӘБ қызметінің талаптарын өзге де бұзушылықтар үшін;
- 5) Есептілікті қоса алғанда, ОӘБ қызметі үшін жауапкершілік ОӘБ төрағасына жүктеледі.
- 6) Есептілікті қоса алғанда, ЖБТ қызметі үшін жауапкершілік ЖБТ төрағасына жүктеледі.
- 7) Есептілікті қоса алғанда, Комитеттің қызметі үшін жауапкершілік Комитет төрағасына жүктеледі.